

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2023 жылғы 27 сәуірдегі  
№ ДЗ-108

### Құрметті депутаттар!

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

*Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мөлшерін Ресей мен Беларусь деңгейіне жеткізуге қатысты*

Агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамыту және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі 2018 – 2022 жылдар аралығында АӨК субъектілерін субсидиялауға шамамен 1,7 трлн теңге (2018 жылы – 226 млрд теңге; 2019 жылы – 323,2 млрд теңге; 2020 жылы – 362,6 млрд теңге; 2021 жылы – 371,5 млрд теңге; 2022 жылы – 450 млрд теңге) бөлді.

Сонымен қатар, АӨК субъектілеріне несие беруде жаңа тәсілдерді енгізу бойынша шаралар қабылдануда.

Мәселен, «Ауыл аманаты» ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны кеңінен тарату бойынша жұмыс басталды, оған сенім білдірілген өкіл (агент) арқылы сыйақы мөлшерлемесі 2,5%-дан аспайтын, ең жоғары мерзімі 7 жылға дейінгі шағын несие беру көзделеді.

Пилоттық жобаны кеңінен тарату үшін ағымдағы жылға 17 мыңнан астам шағын несие беру жоспарымен 100 млрд теңге бөлінді.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы АӨК саласындағы ірі өнеркәсіптік инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша Солтүстік Қазақстан облысының табысты тәжірибесін тираждау бойынша жұмыс жүргізілуде. Қарыз беру шарттары барынша жеңілдетілген. Ағымдағы жылдың өзінде бұл мақсаттарға 100 млрд теңге бөлінді, соның есебінен 65-ке жуық сүт-тауар фермаларының құрылысы қаржыландырылатын болады.

Бұл ретте, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру кезінде елдер қабылдаған қолданыстағы міндеттемелер шеңберінде 2022 жылдың қорытындысы бойынша

өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы құнынан ішкі қолдау деңгейі (*de minimis деңгейі*) Беларусь Республикасында 10% міндеттеме кезінде 2,5%, Қазақстан Республикасында 8,5% міндеттеме кезінде 4,8%, Қырғыз Республикасында 5% міндеттеме кезінде 0,13% және Ресей Федерациясында 5% міндеттеме кезінде 2,88% құрайтынын атап өту қажет.

Осылайша, АӨК субъектілеріне мемлекет көрсететін қолдау деңгейі басқа елдер көрсететін қолдаудың ұқсас деңгейімен байланысты екенін атап өтеміз.

*«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы шашыраңқы қоғамдық ұйымдарды біріктіру үшін шаралар қабылдауға қатысты*

«Атамекен» ҰКП ақпараты бойынша, бизнес-қоғамдастықтың мемлекеттік билік органдарымен тиімді өзара іс-қимыл ету мақсатында, сондай-ақ отандық аграрлық бизнес субъектілерінің проблемалық мәселелерін шешу үшін «Атамекен» ҰКП еліміздің АӨК дамыту мәселелері бойынша бизнестің бірыңғай келісілген ұстанымын шоғырландыру және әзірлеу жөнінде қажетті шаралар қабылдануда.

***Анықтама:** мысалы, 2022 жылы «Атамекен» ҰКП АӨК комитеті АӨК субсидиялау тетіктерін қайта қарау жөніндегі мемлекеттік органдардың қатысуымен мәселені бірнеше рет қарады, оның қорытындысы бойынша Комитет қолданыстағы мемлекеттік қолдау шараларын қалдыру туралы шешім қабылдады.*

*Ағымдағы жылы «Атамекен» ҰКП АӨК комитеті асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру қағидаларына, сондай-ақ инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жөніндегі субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу туралы мәселені қарады. Отырыс қорытындысы бойынша АШМ-ге Ережеге өзгерістер енгізу бойынша АШТӨ ұсыныстары берілген Комитеттің хаттамасы жолданды. Сондай-ақ, АӨК-нің басқа да мәселелері қаралуда.*

*Ауыл шаруашылығы министрлігіне саяси беделін арттыру мақсатында министрге Премьер-Министрдің орынбасарының қосымша лауазымын ұсынуға қатысты*

«Мемлекеттік органдар жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Президенттің 2002 жылғы 29 наурыздағы № 828 Жарлығына сәйкес Премьер-Министрдің орынбасарының лауазымын Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Президент тағайындайды.

Қазіргі уақытта Үкімет құрамына Премьер-Министрдің тиісті салалардағы, оның ішінде АӨК-дегі, жұмысты үйлестіретін 6 орынбасары кіреді.

**Ә. Смайылов**